



Қазақстан Республикасы  
Каржы міністрлігі Мемлекеттік мұлік  
және жекешелендіру комитетінің  
Төрағасы міндеттін атқарушының  
2018 жылғы «2 » наурыз №228  
бүйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің  
«Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық  
мемлекеттік кәсіпорнының  
ЖАРҒЫСЫ**

**Астана қаласы, 2018 жыл**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» респубикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 24 қаулысына сәйкес мынадай мемлекеттік кәсіпорындардың:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің «Хамза Жұматов атындағы Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы» респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының косылуы арқылы құрылды және олардың барлық құқықтары мен міндеттерінің, оның ішінде тараптар дауласатын міндеттемелердің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік респубикалық меншік құқығы субъектісінің құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Национальный центр общественного здравоохранения» Министерства здравоохранения Республики Казахстан;

қысқа:

мемлекеттік тілде – «ҚДСҰО» ШЖҚ РМК;

орыс тілінде – РГП на ПХВ «НЦООЗ».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоқсан көшесі, 46.

## **2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі бар.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасайтын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## **3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау және ерте анықтауды қоса алғанда қоғамдық денсаулықты жақсартуға және сақтауға, аурулардың алдын-алуына бағытталған ғылыми зерттеулер саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты қоғамдық денсаулық сақтау әлеуетін нығайту, қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі жедел функцияларын жүзеге асыру және қоғамдық денсаулық сақтау жөніндегі қызметтермен қамтамасыз ету болып табылады.

14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) әлеуметтік детерминантқа және денсаулық көрсеткіштері бойынша тенсіздікті қысқартуға әсер ету жолымен денсаулықты нығайтуға, сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша мақсатты бағдарламаларды әзірлеуге және енгізуге, әлеуметтік-маңызды аурулардың, оның ішінде олардың дамуының мінез-құлыштық қауіп-қатер факторларын алдын алуға қатысу;

2) басымдылықтарды, тұжырымдамалық идеяларды әзірлеуге қатысу, салауатты өмір салтын насихаттау, әлеуметтік-маңызды аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әдістемелік қолдау және мониторингілеу, ақпарат

жинау, жалпы республика бойынша халық арасындағы жүргізілген ақпараттық-білім беру іс-шаралары туралы есептерді қалыптастыру;

3) қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау саласындағы енгізілетін профилактикалық бағдарламаларды, оның ішінде мінез-құлықтық қауіп-қатер факторларын және ауруларды ерте анықтау бойынша Ұлттық скрининг бағдарламасын, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету үйымдарының халықты динамикалық бақылауын және сауықтыруын бағалауға және мониторингілеуге қатысу;

4) аумақтарда мінез-құлықтық қауіп-қатер факторларының, жүқпалы және жүқпайтын аурулардың, салауатты өмір салтының қағидаттарын енгізу бойынша алынған деректемелердің, бағдарламалардың негізінде зерттемелермен зиянды факторлардың әрекет етуінің таралуы бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу;

5) салауатты өмір салтын қалыптастыру, қашықтан оқыту технологияларын енгізу және тарату, сондай-ақ нысаналы топтар, оның ішінде білім беру, құқық қорғау және басқа да үйымдар, халықтың осал топтары арасында салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыру және енгізу бойынша интерактивті технологияларды пайдалана отырып оқыту тренингтерін өткізу;

6) халықпен, мектепке дейінгі және білім беру үйымдарымен, үйымдар ұжымымен салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыру мен енгізу, тиімді тамақтану және дene шынықтырумен және спортпен айналысу бойынша жұмысты үйымдастыру, қоғамда салауатты өмір салтын жайғастыру бойынша спорттық-бұқаралық мәдени іс-шараларды өткізу;

7) қоғамдық денсаулық сақтау, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету саласындағы үйымдар мен органдарға салауатты өмір салтын қалыптастыру, қалпына келтіру медицинасы, иммунопрофилактика, денсаулық мектептері мен клубтарын үйымдастыру, геронтология мәселелері бойынша, сондай-ақ емдеу-профилактикалық үйымдарға жүқпалы және жүқпайтын аурулардың профилактикасы және осы үйымдар жұмысының тәжірибесіне ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізу мәселелері бойынша үйымдастырушылық-әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

8) қоғамдық денсаулық, денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша съездерді, симпозиумдарды, ғылыми конференциялар мен жиналыстарды, оның ішінде халықаралық үйымдардың үйымдастыруына және өткізуіне қатысу, сондай-ақ шығу сессияларын (жиналыстар, семинарлар және т.б.) өткізу, жүқпалы, ауруханаішлік аурулар, тамақтан улану және төтенше жағдайлар ошағында санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) іс-шараларды өткізу;

9) азаматтардың денсаулығын нығайту және аурулардың алдын алу мақсатында консультативтік, ақпараттық қызметтерді (дерекқорлар мен ақпараттық ресурстарды күру және пайдалану) көрсету және жүқпалы

аурулардың эпидемиологиялық және эпизоотологиялық мониторингін ақпараттық қамтамасыз ету;

10) аудио-визуалды өнімді, оның ішінде аудио және бейнероликтерді, телебағдарламаларды және т.б. құру және трансляциялау жолымен қоғамдық денсаулық сақтау, рейтингтік телеарналарда, радиостанцияларда, интернет порталдарында анонстық жарықтандыру, сыртқы жарнаманы өзірлеу және орналастыру, бұқаралық ақпарат құрадарының өкілдерімен баспасөз конференцияларын ұйымдастыру және өткізу, мерзімді баспа басылымдарында, интернет порталдарында, әлеуметтік желілерде материалдарды жариялау мәселелерін популяциялық және топтық деңгейлерде жарықтандыру бойынша ақпараттық-коммуникациялық жұмысты жүзеге асыру;

11) қоғамдық денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша ұйымдармен, оның ішінде халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесу және бірге қызмет жасау;

12) қоғамдық денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметі мен ақпараттық-білім беру материалдарының (баспа, аудиовизуалды өнім) сараптамасына қатысу;

13) қоғамдық денсаулықтың өзекті мәселелері, жұқпалы және жұқпайтын аурулардың эпидемиологиясы, молекулярлық биология және генетика, эпизоотология, диагностика, клиника, бактериялық және вирустық инфекцияларды, паразиттік ауруларды емдеу және алдын алу, гигиена, экология, токсикология, кәсіптік патология, микробиология, вирусология, иммунология, аллергология, жұқпалы патология бойынша және аралас салаларда азаматтардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, аурулардың алдын алу және қалпына келтіру медицинасы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;

14) нормативтік құқықтық актілерді өзірлеуге және жұқпалы, жұқпайтын және паразиттік аурулардың алдын алудың және эпидемиологиялық мониторингтің ғылыми негізделген әдістемесін енгізуге қатысу;

15) денсаулықты қорғау мен нығайту мәселелері бойынша ақпараттық-білім беру, оның ішінде электрондық және баспа форматтағы кешендерді (кітап және фильм) өзірлеуге және дайындауға қатысу, медицина ғылымының және практикалық денсаулық сақтаудың ең жаңа жетістіктерін насиҳаттау мақсатында ғылыми жұмыстарды, монографияларды, еңбек жинақтарын, әдістемелік ұсынымдарды, оку құралдарын, ақпараттық парақтар мен мерзімді басылымдарды (журналдарды) басып шығару;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салауатты өмір салтын қалыптастыру және қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері бойынша медициналық және медициналық емес кадрлардың, Қазақстан Республикасының өзге елдің басқа да мүдделі ведомстволар мамандарының біліктілігін арттыру, оларды даярлау және қайта даярлау бойынша курстар өткізу PhD докторантурасы және магистратура арқылы

жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды жоғары оқу орнынан кейінгі даярлауды жүргізу;

17) мамандарды дипломнан кейінгі даярлау жөніндегі жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, денсаулық сақтау саласында білім беру үйымдары студенттерінің өндірістік практикасын өткізуді үйымдастыру;

18) декретtelген халыққа гигиеналық оқытуды үйымдастыру және жүргізу;

19) медицинада және ветеринарияда жүқпалы аурулардың диагностикасы, алдын алу және емдеу үшін тест-жүйелерді, иммундық-биологиялық препараттарды өндіруге және қолдануға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге және сараптауға қатысу;

20) зертханалық зерттеулер, оның ішінде: органолептикалық, санитариялық-гигиеналық, токсикологиялық, санитариялық-химиялық, биохимиялық, микробиологиялық, эпидемиологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық және паразитологиялық зерттеулер, азық-тұлік өнімдерінің энергетикалық және биологиялық құндылықтарын, шуды өлшеуді, дірілді, электромагниттік өрісті және физикалық факторларды зерттеу, радиометрия мен дозиметрияны қамтитын радиациялық зерттеулер бөлігінде, сапаны сырттай бағалау (ССБ), зертханалық зерттеулер (органолептикалық, санитариялық-гигиеналық, токсикологиялық, санитариялық-химиялық, биохимиялық, клиникалық-диагностикалық, микробиологиялық), молекулярлық-генетикалық, оның ішінде сынама ала отырып және санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды бере отырып клиникалық-диагностикалық зерттеулер бөлігінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу;

21) медициналық мақсаттағы емдеу-алдын алу диагностикалық және профилактикалық препараттарды өндіру, медицинада және ветеринарияда жүқпалы ауруларды емдеу және оның алдын алуға арналған иммундық-биологиялық препараттарды дайындау, өндіру және өткізу;

22) профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) және емдеу препараттарын сақтау;

23) халықтың қоғамдық денсаулық сақтауын қамтамасыз ету саласындағы зертханалық зерттеулер мен аспаптық өлшеулердің жаңа әдістемелерін және жаңа аспаптар мен құрал - жабдықтарды, қолданбалы бағдарлама өнімдерін әзірлеу, дайындау, бейімдеу және енгізу;

24) зертханалық зерттеулерге арналған биологиялық, патологиялық материалдардың үлгілерін алу;

25) патогендігі II, III және IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс істейтін денсаулық сақтау үйымдары мен зертханаларына патогендігі II, III және IV топтағы микроорганизмдермен жұмыстың эпидемияға қарсы режимінің талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізу;

26) патогендігі II-IV топтағы жүқпалы аурулардың қоздырғышын анықтауда, олардың зертханалық диагностикасын және қауіпсіздік ережелерін

сақтау бойынша зерттеулерді жүзеге асыратын зертханаларға консультациялық-әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

27) зертханалық, оның ішінде желілік жануарларды (жәндіктерді) жеке қажеттілігі үшін және басқа ғылыми мекемелерге сату үшін көбейтіп өсіру;

28) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен халықаралық ғылыми, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға қатысу;

29) денсаулық сақтау, оның ішінде қоғамдық денсаулықты қорғау саласында нормативтік құқықтық актілерді жобалауға және әзірлеуге қатысу;

30) иммундық-биологиялық препараттарды, дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдарын, жеке қорғану құралдарын (оның ішінде тіркеуге дейінгі) сынақтардан өткізу;

31) жүқпалы, ауруханаішлік және паразиттік ауру-сырқаттаудың динамикасы, халықтың иммунопрофилактикасы, жүқпайтын ауру-сырқау және қоғамдық денсаулық сақтау үйымдарының қызметі бойынша статистикалық есеп пен есептілікті жүргізу;

32) қоршаған органдың зиянды факторларымен өзара байланыстағы жүқпайтын, ауруханаішлік, паразиттік және кәсіби ауру-сырқаттауға талдау мен бағалау жүргізу, халықта ауру-сырқаттаудың пайда болу қатерін анықтау және профилактикалық шаралар әзірлеу;

33) санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға мониторинг үйымдастыру және жүргізу, ұлттық деңгейде бірыңғай ақпараттық база деректерін құру;

34) қоғамдық денсаулық сақтау үйымдары атқаратын санитариялық-эпидемиологиялық сараптама, жабдықтарды тиімді пайдалану, зертханалық зерттеулерді сапалы жүргізу жөніндегі қызметті үйлестіру бойынша ұсыныстар енгізу;

35) медициналық қалдықтарды үйымдастыру, кәдеге жарату және жою;

36) өнеркәсіптік үйымдардың жұмысшыларына консультативтік-диагностикалық және профилактикалық көмек көрсету, сондай-ақ аурулардың кәсіптік этиологиясына сараптаманы (жоқтығына немесе бар болуына) жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шарттық негізде жеке тұлғаларға медициналық қызметтер көрсету;

37) кәсіби және өндірістік-негізделген аурулардың алдын алу мәселелері бойынша денсаулық сақтау үйымдарына үйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету;

38) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аумақтың эпидемиялық әлеуетін бағалау, жүқпалы аурулардың диагностикасы, емдеу және алдын алу, биологиялық қауіпті объектілердің биологиялық қауіп-қатері бойынша сараптамалық және консультативтік жұмыс жүргізу;

39) Қазақстан Республикасының шекаралары мен аумағын аса қауіпті инфекциялардың әкелінуі мен таралуынан санитариялық қорғау бойынша ішшараларға қатысу;

40) келісімдер мен шарттардың негізінде өзара көмек тәртібінде Қазақстан Республикасының және басқа елдердің аумағындағы эпизоотологиялық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және оған қатысу;

41) бөгде ұйымдарға эпидемиологиялық тәуекелдерді талдау және бағалау, сараптамалық қорытындыларды бере отырып, қоршаған ортаның зиянды факторларымен өзара байланыстағы жүқпалы, ауруханаішлік, паразиттік және кәсіби ауру-сырқау, адамның тіршілік ету ортасы және халық денсаулығының жай-күйі факторларын гигиеналық бағалау (диагностикалау) сараптамалық және ғылыми есептер және ғылыми зерттеу қорытындылары жөніндегі мәселелер бойынша қызмет көрсету, тәуекел факторларын басқару және жобалау республикалық жүйесінің ақпараттық ресурстарын қалыптастыру;

42) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық әл-ауқатын салалық қолданбалы бағдарламалық өнімдерді және электрондық мұрағаттарды (дерекқорды) әзірлеуге, енгізуге, іске асыруға, санитариялық-эпидемиологиялық мониторингі дерекқорларының республикалық депозитарийін қалыптастыруға, толықтыруға, сақтауға және қолдауға қатысу;

43) санитариялық-гигиеналық мониторинг жүргізу, нормативтік құжаттарды сараптау, сараптамалық қорытындылар мен ғылыми есептер берген кезде қоршаған орта объектілеріне арналған санитариялық-гигиеналық, эпидемиологиялық талаптар тәуекелдерін жүргізу және бағалау жөніндегі ошақтық, профилактикалық, дезинфекциялық, дератизациялық, дезинсекциялық іс-шаралар сапасын бағалау бойынша сараптау қызметтерін ұйымдастыру және көрсету;

44) халық денсаулығына санитариялық-корғаныс аймақтарын белгілеу және тәуекелдерді бағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді жүргізу;

45) жағдайларды талдау (елдімекен, аумақ, объект, кәсіби ауру-сырқау), себеп-салдарлық байланыстарды айқындау, тәуекел факторларын бағалау, ауру-сырқаттауды болжау, тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу;

46) денсаулық сақтау ұйымдарына қоғамдық денсаулық сақтау және халықтың санитариялық - эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері бойынша консультациялық, ғылыми-практикалық және практикалық көмек көрсету;

47) оба, тырысқақ және басқа да аса қауіпті инфекциялардың эпидемияға қарсы ошақтарын оқшаулау және тарату бойынша санитариялық-эпидемиологиялық (профилактикалық) шараларды ұйымдастыру мен жүргізуге тұрақты эпидемияға қарсы даярлықты қамтамасыз ету;

48) аумақтық бөлімшелермен және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ұйымдарымен және медициналық ұйымдармен, сондай-ақ ветеринария саласында (келісім бойынша) қызметті жүзеге асыратын, энзоотиялық аумақта оба бойынша эпидемиялық саулықты және одан тысқары аумаққа инфекцияны шығарудың алдын алуды, денсаулық сақтау

басқармасының аумақтық органдарына және медициналық ұйымдарға карантиндік және басқа да аса қауіпті инфекциялардың әкелуінен және таралуынан Қазақстан Республикасының аумағын санитариялық қорғау жөніндегі іс-шаралар өткізуде консультациялық және тәжірибелік көмек көрсетуді қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың бөлімшелерімен әрекеттесе отырып профилактикалық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы, не Кәсіпорын директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4. Кәсіпорынды басқару**

17. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты респубикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорын түрін айқындайды және Кәсіпорынның Жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын, не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстau және оны кейіннен тәңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғага бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынды қайта үйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мұлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынның жұмыс істеуі мен оны басқару тиімділігінің мониторингін үйымдастыруды және жүргізуіді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктерді шешеді.

#### 18. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) қызметтің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (корсететін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындауды;

2) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен маңсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мұлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есебін бекітеді;

8) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынды қайта үйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза табыстың бір белгін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарлары мен бас бухгалтерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның енбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) директордың, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлық ақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

#### 19. Кәсіпорынның органы оның директоры болып табылады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

21. Директор дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндettі бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, кетермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерін қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарларының, бас бухгалтерінің және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналар бойынша:

қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақытылы бюджетке аудармағаны үшін жеке жауаптылықта болады.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

23. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

## **5. Байқау кеңесімен Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері**

24. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 қантардағы № 24 қаулысына сәйкес Кәсіпорында Кәсіпорынды басқару органы – байқау кеңесі енгізілді.

25. Байқау кеңесін құру тәртібі, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығымен регламенттеледі.

26. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібі «Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 115 бұйрығымен айқындалады.

27. Байқау кеңесі туралы ережені, байқау кеңесінің отырыстарын шакыру және өткізу тәртібін тиісті саланың уәкілетті органы бекітеді.

28. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытындыны тиісті саланың уәкілетті органына береді;

2) дамыту жоспарын орындау туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті, қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражатын және қосымша көздерден алынған қаражатты мақсатты пайдалануды бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттарды мақсатты пайдалануды тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның директорын тағайындау және онымен жасалған келісім шартты бұзу бойынша ұсыныстарды тиісті саланың уәкілетті органымен келіседі;

6) дамыту жоспарымен бекітілген қаражат шегінде қосымша қаржы көздерінен Кәсіпорын қызметкерлерінің, директордың, оның

орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық жалақыларына үстемеақы, сыйақы беруді және материалдық көмек көрсетуді белгілеуге қатысты шешімдер қабылдайды және ұжымдық келісім шартты әзірлеуге қатысады;

7) байқау кеңесі хатшысының жалақысының көлемін және өкілеттілік мерзімін тағайындайды, анықтайды және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметтерінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

10) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларда қатысуы туралы ұсыныстарды енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорын өкілдіктерінің филиалдарын құру және жабу бойынша ұсыныстарды енгізеді.

29. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

30. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның тәрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының, байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын ректорының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

31. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер Кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

32. Кәсіпорынның байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорынның байқау кеңесі тәрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

33. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

## 6. Кәсіпорынның мұлкі

34. Кәсіпорынның мұлкін, құны оның теңгерімінде көрсетіletін Кәсіпорынның активтері құрайды.

35. Кәсіпорынның мұлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

36. Кәсіпорынның мұлкі:

1) оған меншік иесі берген мұліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

37. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

38. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

39. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

40. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

41. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

42. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Занының 144-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

43. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

44. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

45. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен немесе меншік иесімен (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) өзгеше белгілемсе, осы Жарғының 43 және 44-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## **7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

46. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

47. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

48. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

50. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 538 956 000 (бес жуз отыз сегіз миллион тоғыз жүз елу алты мың) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі сәтіне толық қалыптастыруы тиіс.

## **9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

51. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## **10. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

53. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

54. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органдың немесе тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайды қоспағанда, Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұндай жағдайда мемлекет кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

## **11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

55. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

56. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындаиды.

57. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

## **12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

58. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

59. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қагидастына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

60. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

61. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды тиісті саланың уәкілетті

органы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырады.

62. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

63. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің табысына есептеледі.

#### **14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

64. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Уәкілетті тұлға В.И. Ахметов